

**Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Аманкелді ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 20 шешімі. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда № 9-6-120 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағы, 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына с ә й к е с **Ш Е Ш Т І :**

1. 2011 жылдың қаңтар-наурызында "Қостанай облысы Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Аманкелді ауданының шақыру учаскесіне тіркелуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы "Аманкелді аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігеріне (келісім бойынша) "Қостанай облысы Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері шақырылушыларды "Қостанай облысы Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар ету және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Х а й р у л л и н г е жү к т е л с і н .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аманкелді ауданының әкімі

С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Аманкелді ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ А. Тлегенов

Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық  
сақтау басқармасы "Амангелді аудандық  
орталық ауруханасы" мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорнының

бас дәрігері \_\_\_\_\_ Р. Есмағанбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ